видеозаписей, пропагандирующих идеи «джихада». Получает распространение среди экстремистски настроенных молодых людей такое понятие как «флэшмоб» – заранее спланированная массовая акция. Целевой аудиторией таких сайтов является молодежь до 25 лет, с низким социально-экономическим статусом или пониженным интеллектуальным уровнем. В силу психологических особенностей, молодой человек не способен оценить общую картину происходящих процессов и легко может быть втянут рекрутерами для осуществления каких-либо действий (последовательности действий) без объяснения причин и последствий таковых. Среди современной молодежи популярны является сервис обмена короткими видеороликами, в которых они участвует в «челенджах» и подвержены большому влиянию через короткий видеоряд. Сама по себе концепция коротких видеороликов представляет большую опасность чем длинный фильм или статья. Ведь 30-секундное видео посмотреть самое то что надо подросткам, а вот чи-

тать или вникать в суть происходящего фильма на экране, уже сложнее.

Действия молодых экстремистов в то же время более жестоки, так как в силу возраста они не боятся смерти, тюрьмы, физических травм и плохо представляют последствия своих поступков. Наиболее распространенной формой вербовки онлайн является вербовка через соцсети. Рядовые боевики террористических организаций регистрируются в соцсетях и публикуют регулярные отчеты из «жизни». Зачастую они похожи как один, в фотоотчетах сплошь красивая жизнь, дорогие машины, романтика боевого братства, и конечно же, много селфи с «глубокомысленными» подписями на фоне красивой боевой техники. Борьба с ними возможна только одним путем – осуществлением глобальной цензуры на уровне государства и воспитанием молодежи.

*Балабеков Д.К.
член ИРГ*

АДАМ ПАПИЛЛОМАВИРУСЫ

Қазақстанда 2024 жылдың күзінен бастап 11 жастағы қыздарды адам папилломавирусына (бұдан әрі – АПВ) қарсы вакцинациялау жоспарлануда. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 9 бен 14 жас аралығындағы қыздарға вакцинацияға басымдық беруді ұсынады. Бұл жастағы вакцинация ең күшті иммундық жауапты қамтамасыз етеді және егер вакцина ерте жаста енгізілсе, ең тиімді болады.

АПВ вакцинациясының негізгі мақсаты әйелдерді 90% жағдайда адам папилломавирусы тудыратын жатыр мойны обырынан қорғау болып табылады.

Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 1900 жаңа жағдайы тіркеліп, жылына 600-ден астам әйел осы патологиядан көз жұмады, басқаша айтқанда, күніне екі әйел жатыр мойны обырынан қайтыс болады. Біздің елімізде жатыр мойны обыры әйелдер арасында қатерлі ісік патологиясы бойынша екінші орында тұр.

Жатыр мойны обыры ерте кезеңде анықталса да, әйелдің денсаулығына қатты әсер етеді. Жатыр мойны обырын емдеу қиын және өлімге әкелуі мүмкін. Жатыр мойны обырының даму қаупін 90% жағдайда заманауи АПВ вакцинациясымен азайтуға болады.

Адам папилломавирусы - жатыр мойны немесе аногенитальды аймақ сияқты әртүрлі органдардың терісі мен шырышты қабығын зақымдайтын вирус. Вирустың 200-ден астам түрі бар, оның 14 түрі жоғары онкогенді. Вирус өте кең таралған, шамамен 10 адамның 8-і Адам папилломасының бір немесе бірнеше түрін жұқтырған.

АПВ жұқтырған адамнан жұқтырған терімен, шырышты қабаттармен немесе дене сұйықтықтарымен тікелей байланыс арқылы беріледі.

Адам папилломавирусы адамнан адамға беріледі:

1) байланыс және күнделікті өмір арқылы

Адам папилломасы қол алысу, сүйісу немесе терідегі үзілістер арқылы берілуі мүмкін. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға – сауналарға, ванналарға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барған кезде абай болу керек.

2) жыныстық жолмен жұғады Вирустардың онкогенді түрлері, жыныстық жолмен берілетін кезде, жыныс мүшелерінде орналасқан жыныс сүйелдерін тудырады.

3) туған кезде балаға берілуі мүмкін.

Вирус анадан балаға туу каналы арқылы өту кезінде беріледі. Сүйелдер көбінесе өмірдің алғашқы жылдарында нәрестелердің аузында немесе терісінде пайда болады.

4) өзін-өзі жұқтыру арқылы. Жиі қырыну немесе эпиляция кезінде адам папилломавирусы дененің бір аймағынан екіншісіне ауысады.

Алғашқы адампапилломасы вакцинасы 2006 жылы лицензияланған және 135 елде, соның ішінде 6 көрші елде: Армения, Грузия, Молдова, Түркіменстан,

Қырғызстан және Өзбекстанда енгізілген. Дүние жүзінде 100 миллионнан астам адам егілді, оның 270 миллион дозасы енгізілді.

АПВ вакцинасы қарсы көрсетілімдер болмаған кезде дәрігердің тексеруінен кейін ата-анасының немесе заңды өкілдерінің хабардар етілген келісімімен жүзеге асырылады. Вакцинация мектептердегі егу емханалары немесе тіркелген жердегі емханалар арқылы тегін жүргізілетін болады.

Иммундау үшін Америка Құрама Штаттарында өндірілген төрт валентті Гардасил вакцинасы пайдаланылады, ол жоғары онкогенді вирустардың 4 түрінен қорғайды: 6,11,16,18. Вакцинация

6 айлық аралықпен 2 рет жүргізіледі.

Вакцина құрамында рак клеткалары немесе бүкіл адам папилломавирусы жоқ (АПВ вакциналары тірі емес және АПВ инфекциясын немесе қатерлі ісік тудыруы мүмкін емес). АПВ вакциналары қауіпсіз және вакцинацияланғандар жақсы көтереді.

Вакцинацияға тұрақты және уақытша қарсы көрсеткіштер бар. АПВ-ге қарсы вакцинацияға тұрақты қарсы көрсеткіштер вакциналардың барлық түрлерімен бірдей: вакцинаның алдыңғы дозасын немесе вакцинаның кез келген компоненттерін енгізгеннен кейін ауыр аллергиялық реакция, орташа немесе ауыр ауырлықтағы, қызбамен немесе онсыз жедел ауру, жүктілік.

АПВ-ге қарсы вакцинация тиімді және қауіпсіз екендігі дәлелденді. Қолданылатын вакцина жоғары өндіріс пен сапа стандарттарына сәйкес келеді және иммунизациядан кейін жағымсыз әсерлер туғызбайды.

Приозерск қалалық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы

«ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕРІ»



Биыл ақын, қоғам қайраткері қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған, Үш бәйтеректің бірі Ілияс Жансүгіровтің дүниеге келгеніне 130 жыл толады. Ол 1912 жылдан бастап өлең жаза бастайды. Шығармаларының дені қазақ халқының ауыз әдебиетіне, орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілеріне, Абай поэзиясына арналған. 1917 жылы Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде «Сарыарқаға», «Тілек» сынды» өлеңдері алғаш рет жарық көрді. 1923 жылы «Мерген Бөкен» атты әңгімесі қалың оқырманға жол тартты. «Мен өзім тауда туып тасында өстім» деген ақынымыз Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығы-

ның қатарына жатады. Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды. Сондықтан да ұлы ақынның есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылған.

Осыған орай кітапханамызда ұлы ақынның құрметіне «Қазақ поэзиясының құлагері» атты тақырыпта танымдық сағат өткізілді. Шара барысында ақын қазақ поэзиясының атасы Ілияс Жансүгіровтің өміріне арналған қысқаша баяндама оқылып, еңбектерімен таныстырылды.



Мақсаты: Ілияс Жансүгіровтің артында қалған еңбектерімен таныстыру. Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту. Ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу. Ілияс Жансүгіров 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (қазіргі Талдықорған облысы, Ақсу ауданы) туған. Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған. Табиғатынан

дарынды жаратылған зерек бала Ел даналығы дариясында еркін жүзіп, уызға жарып, асыл байлықты бойына сіңіре білген.

Ілияс – қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі. Ол артына өшпес рухани мол мұра,өзіне өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырып кеткен. Біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқуға, білімге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық

*Оқырмандарға қызмет ету бөлімі:
А.П.Жылқыбаева*



«ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ!»

Осы мақаланы жазуды қолға алуыма осыдан бірнеше жыл бұрынғы Наурыз мейрамы тойланып жатқанда киіз үйлер байқауына қазылық етуім, сол жердегі бір мекеменің киіз үйінің сыртына қойылған бесікті көруім және жуықта Қазақстан ұлттық арнасындағы салт-дәстүрге байланысты бағдарламадан көрсетілген бесік туралы көрсетілім түрткі болды. Өз басым және отбасымдағы барлық бала дерлік бесікте жатып өстік. Қазіргі кезде өзімнің немерелерім де бесікте тербетіліп қатаюда. Осыдан 40 жылдай бұрын тұңғыш ұлыма базардан арнайы сатып алынған бесіктен қазір ұрпақтарым өніп-өсуде. Дүмше дәрігерлердің жұртқа бесікті теріс насихаттап, оның бала денсаулығына зияндылығын дәріптеп жүргенінен бәріміз хабардармыз. Бесіктің керісінше баланың дұрыс өсіп-жетілуіне өте пайдалы екендігін дені дұрыс, санасы сау адам жақсы білсе керек-ті. Сан ғасырлар бойы ата-бабамыз ұстап-тұтынған, ханыңнан бастап, батыр-бағлан, дана-билерің, қарашаңа дейін осы бесіктен өрбігенін және олардың қандай адамдар болып өскеніне тарих куә, біз бен сіз куә. Бесікке деген «шабуыл» кеңес дәуірінде басталып, қазақ халқының құрып кетуіне жасалған бірнеше әрекеттің бұл да бір түрі екенін қаперде ұстауға тиіспіз. М.Әуезов: «Ел боламын десең бесігінді түзе» десе, Қадыр Мырза Әлі: «Нағыз қазақтың үйінде бесік пен домбыра болуы тиіс» дейді. Жалпы бесік туралы қазақтың талай даналары мен абыздары, ақын-шайырлары өшпес сөз қалдырған. Наурыз күнгі киіз үй байқауында бесікті далаға қойған мекеменің қызметкерлеріне қазылар тарапынан бұның ұрпаққа теріс бағыт беретінін, келеңсіз нышан, жаман ырым екендігін ескертілген болатын. Бесіктің біздің өмірімізге енуі тым әріден басталады һәм бұл жайлы санаға ой салар аңыз да бар.

Аңыздың айтуынша, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың маңын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған деседі. Айдархан бидің әкесі айналасына белгілі Мизам баба қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтіп, көркейтумен айналысады. Елі сыйлаған Мизам баба 150 жыл өмір сүріпті. Еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты. Мизам бабаның бақиға сапар шеккенінен хабардар болған қытайлар, бақилық бабаның еңбегін қызғанышпен өртеп жіберіпті. Сол сәтте Мизам бабаның баласы Айдархан би алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді. Бір сұмдықтың болғанын сезген ол аттың басын елге бұрады. Ауылға асығыс

жетіп, ну орманның орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапа болады.

Арадан жылдар өтеді. Айдархан би үйленіп, тұңғышы дүниеге келеді. Сәби туыла сала тоқтаусыз жылай беретін болыпты. Сәбиге атырапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын аяқастынан тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, баланы тербетіп отырғанын көреді. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Осы ағаш бұтағымен Айдархан қазіргі «бесік» деп аталған бұйымды жасайды. Осылайша, бесік көшпелі қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады. Қазақтың киіз үйін баспана қылған қазақта бесіктің «желбесік» деп аталатын түрін екіншісі біле бермейді. Ол жазғы ыстық маусымда бала ыстықтамай, ыңғайлы жатсын деген мақсатпен арқанды қарама-қарсы керегелерден тарту арқылы, көрпешені көмкеріп, бас-аяғы ағашпен керіліп жасалады. Оны бір тербетіп жіберсең, біраз уақытқа дейін тербеліп тұратындығымен де қолайлы.

Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және қатты ағаштан берік етіп жасалады. Ол баланың таза жатуына көмектеседі. Себебі арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың кіші дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына сеп болады. Бұл үй шаруасымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде бала денінің сау болып өсуіне тиімді. Баланың қолын уақытмен бостып қойып, уақтылы шешіп алып отырудың маңызы зор. Бесіктің жабдықтары – түбек, шүмек, көрпеше, жастық, жөргек, жаялық, қолбау, тізебау, тізе жастық, екі тартпасы. Бала адамға қарай бастаған шақта бел ағашына түрлі ойыншықтар ілініп, сәбидің ойнауына, санасының жетілуіне жағдай жасалады. Ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп санаған. Бос бесікті тербетпеген, екі адам қатар тербетпеген, далаға шығарып қоймаған. Баланы бөлер кезде түзбен не отпен аластап отырған. Мұны бабамыз Төле бидің мына бір әңгімесінен байқауға болады: Жоңғарлар шапқыншылығынан тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, көшіп келе жатқанда, екіқабат жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай», – дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», – деген

екен.

Осы орайда бесіктің нәресте мен анаға пайдалы жағын атап өтейік:

1. емізулі баланың өз анасынан бөлек жатуы үшін арнайы жасалған орны болады;

2. бесік – ананың омырауындағы баласымен бірге ұйықтауына мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, емізіп жатып көзі ілініп кетсе, байқаусызда сәбиін басып қалмауына, ұйқылы-ою күйде нәрестеге қолы тиіп кетуіне немесе басқа да зиян келмеуіне жағдай жасайды;

3. бесік баяу тербетілгенде, баланың бүкіл ағзасы дем алады;

4. бесік анаға баланы ұйықтатуы үшін көмек болады;

5. тербетілгенде бала жерге құлап қалмай, қауіпсіз жатуы үшін бесіктің қоршауы болады. Осының бәрін жақсы білген, дұрыс зерделеген ата-бабаларымыз сәбиді бесікке салуды ерекше дәстүрімізге айналдырған. Сонау ерте замандардан бері ауыздан ауызға тарап келе жатқан «Қобыланды батыр» жырында: «Алтыннан бесік ойдырып, Ақ торғынға бөлеген» деген тармақтар бар. Бұл сөздер біздің жұрттың сол кездегі биік эстетикалық талғамынан хабар берсе керек. Ал енді бесіктің пайдаларына ат тізгінін тағы бұрайық:

Біріншіден, бесік – тазалық, гигиенаның таптырмас құралы. Оның шүмегі, түбегі, жөргегі мен жаялығы – бәрі де баланың асты құрғақ һәм таза болуын қамтамасыз етеді. Бүгінгі «памперс», «хаггис» деген секілді химиялық заттармен салыстырғанда, бесіктің бұл бөлшектері әлдеқайда пайдалы, әрі таза. Қасиетті Құранның «Өздеріңді өздерің қауіп-қатерге итермелемеңдер!», «Алла Тағала тазаланғандар мен тәубе еткендерді жақсы көреді» деген аяттары мен «Тазалық – иманнан» деген хадис тұрғысынан келгенде, бесіктің тазалыққа тигізер пайдасы орасан.

Екіншіден, бесік жаңа туылып, өсіп, қалыптасып келе жатқан баланың физиологиясына өте пайдалы. Бесіктің төсек салынатын, түбек орналасатын тақтайлары баланың омыртқасы түзу болуына әсер етпей қоймайды. Ал омыртқаның бүкіл денеге қаншалықты әсер ететіні бүгінгі ғылымға белгілі. Бүгінде омыртқаның қисайғанынан неше түрлі дерттерге шалдығып жүргендерді де көріп жүрміз. Ғаламтордың беті омыртқаға арналған жаттығуларға толы. Міне, сондай мың бір бәлеге душар болмау үшін ата-әжелеріміз жастайынан баланың белі мен омыртқасын түзу қалыптастыруға тырысқан.

Үшіншіден, бесіктің тербетілуі, бесік жырының айтылуы баланың психологиясы ерекше әсер етеді.

Сұлтанмахмұттың: «Бесігімде жатқанда-ақ берген білім» деп ана тіліміз туралы айтатыны бар. Бесік жырында айтылатын сөздердің бәрі тұнып тұрған дұға тілек. Ешбір бесік жырында ұры бол, залым бол, жаман бол деген сөз кездеспейді. Керісінше, адам бол, жақсы бол, денің сау болсын деген сөздер айтылады.

Бесік жайында сөз болғасын, баланы бесікке салу рәсім-ырымы жайлы баяндай кетейік. Өйткені ата-бабамыздан қалған қайбір дәстүрді алып қарасаң да, белгілі бір маңызы әрі пайдасы бар. Бесікке салу рәсіміне ауыл-үйдің әйелдері шақырылады, олар өздерінің шашуға деген заттарын ала келеді. Ал бесікке салу жолы ауылдағы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Бір-екі келіншек бесікті жақсылап жабдықтаған соң, алдымен, бесікті отпен аластап алады, сосын «тыштырма» жасайды (бесіктің түбек салынатын тесігінен балаларға тәтті үлестіріп беру осылай аталады). Бұдан соң нәрестені айнала отырып, бесікке бөлеп, оның үстіне, баланы әруақтар қорғап жүрсін деп, ата-бабадан қалған сырт киім, ел тізгінін ұстар азамат болсын деп, аттың тізгінін, ел арасында айбынды болсын деп, қамшы қояды. Осындай ырыммен ұл баланың жастығының астына пышақ, ұсталық аспаптар, қыз балаға қыздар пайдаланатын заттар қойылады. Бесік әлдіін ұмытып бара жатқан әжелердің де, ұйқатарда бас жағына телефоннан музыка қойып қоятын келіндердің де құлақтарына алтын сырға.

Қорыта айтарымыз, бесікті ұлттық құндылығымыз болғаны үшін ғана емес, оның сәби және оның анасы үшін де аса қолайлы, пайдалы және тиімді екендігін естен шығармасақ екен. Егер бесіктің пайдасын түгел саралап шықсақ, том-том кітаптарға да жүк болады. Бүгінде қазақтың бесігін Харви Карп секілді шетелдік дәрігерлердің зерттеп жүргені де бесікте ашылмаған сырлардың көп екенін білдіреді. Ал біздің айтпағымыз, ұлттық дәстүрлеріміз бекерден бекер қалыптаспаған. Ата-әжелеріміз ақылсыз, білімсіз, парасатсыз болмаған. Керісінше, әр нәрсені мың ойланып, жүз толғанып барып жасайтын пайым терең жандар болған. Сондықтан ұлттық салт-санамызға, пайдасы ұшан-теңіз құндылықтарымызға ие болайық, ағайын! Ал, мақалаға байланысты ой-пікір айтамын, лебіз білдіремін деген оқырманға жол ашық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНА ТҮГЕНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ТҮГЕНДЕУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазіргі уақытта «Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ (бұдан әрі - Бөлім) теңгеріміне бекітілген Тұрғын үй қорына, түгендеу жүргізу жоспарлануда. Комиссиялық тексеру барысында барлық көпәтерлі тұрғын үйлер, сондай-ақ қоржынтүбектегі үйлер тексеріледі.

16.04.1997 жылғы № 94 ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы заңды күшіне енгенге дейін, Приозерск қаласының кәсіпорындарымен, мекемелерімен берілген ордері бар, жылжымайтын мүлікті иелену және (немесе) пайдалану құқығына құқық белгілейтін құжаттарсыз тұрмысқа жайлы пәтерлерде тұратын барлық тұрғындары, құқық белгілейтін құжаттарды қолданыстағы заңнама нормаларының талаптарына сәйкес келтіру үшін Бөлімге жүгінуі қажет.

Естеріңізге сала кетейік: — мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе ЖАО жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады - мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалдаушыларға, коммуналдық қызметтерді көрсеткені үшін уақтылы ақы төлеу және жалдау ақысы бойынша берешекке жол бермеулері қажет.

Сондай-ақ kezekte.kz ақпараттық жүйесінде тұрғын үй тізіліміне, барлық санаттарға түгендеу жұмыстары онлайн түрде жүргізілетіндігін ескертеміз.

Барлық сұрақтар бойынша Приозерск қаласы, Пушкин көшесі 16, каб. 4 мекен жайындағы Бөлімге хабарласуыңызды сұраймыз. Тел. 8 (71039) 5 37 81.

*Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары
және тұрғын үй инспекциясы бөлімі*

«САРЫШАҒАН СУЖЫЛУ-2014» ЖШС-НІҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды қаласы, Костенко көшесі, 6-үй, мекенжайы бойынша орналасқан (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>), Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау, суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне тарифтер және тарифтік сметаны бекітуге ұсынған «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС-нің өтінімін қарауға байланысты жария тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Жария тыңдау 2024 жылдың 21 мамыры сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Космонавтов 2 көшесі, «Достық балалар жасөспірімдер серіктестігінің орталығы» КМК-ның ғиамраты мекенжайы бойынша және онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>) өткізіледі.

Жария тыңдауларға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар, қоғамдық бірлестіктер, тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының, табиғи монополиялар субъектілерінің өкілдері және өзге де мүдделі тұлғалар шақырылады.

Департаменттің байланыс телефоны: : 8 (7212) 41-34-24.

«Сарышаған Сужылу-2014»: ЖШС-нің байланыс телефоны : 8 71039 5 23 88.

«Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ИНВЕНТАРИЗАЦИИ ЖИЛЬЯ ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА А ТАКЖЕ ПРОВЕДЕНИЯ ИНВЕНТАРИЗАЦИИ СПИСКОВ ОЧЕРЕДНОСТИ

В настоящее время планируется провести инвентаризацию жилого фонда закрепленного на балансе ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции г.Приозерск» (далее - Отдел). В ходе проведения комиссионной проверки будут обследованы все многоквартирные жилые дома, а также дома на полуострове.

Всем жителям города Приозерск проживающих в благоустроенных квартирах без правоустанавливающих документов на право владения и (или) пользования недвижимым имуществом, имеющих ордера выданными предприятиями, учреждениями города Приозерск до вступления в законную силу Закона РК «О жилищных отношениях», от 16.04.1997 года № 94, необходимо обратиться в Отдел для приведения в соответствие правоустанавливающих документов с требованиями норм действующего законодательства.

Напоминаем: — сдача третьим лицам жилья из государственного жилого фонда, или жилищ, арендованного МИО в частном жилом фонде запрещена — нанимателям жилья из государственного жилищного фонда необходимо своевременно производить оплату за оказание коммунальных услуг, и не допускать задолженности по арендной плате.

Также напоминаем о проведении инвентаризации списков очередности онлайн в информационной системе kezekte.kz по всем категориям. По всем вопросам просьба обращаться в Отдел по адресу: г. Приозерск, ул. Пушкина 16, каб. 4, тел. 8 (71039) 5 37 81

*Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции
г.Приозерск*

ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «САРЫШАҒАН СУЖЫЛУ-2014»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению заявки ТОО «Сарышаған Сужылу-2014» на утверждение тарифов и тарифных смет на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, подачи воды по распределительным сетям и отводу сточных вод, представленных в соответствии с Правилами формирования тарифов, утвержденными приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90.

Публичное слушание состоится 21 мая 2024 года, в 11:00 часов по адресу: Карагандинская область, г.Приозерск, ул. Космонавтов 2, в здании КПП «Центр детское-юношеское товарищества Достық», с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>).

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактные телефоны Департамента: тел.: 8 (7212) 41-34-24.

Контактный телефон ТОО «Сарышаған Сужылу-2014»: 8 71039 5 23 88.

ТОО «Сарышаған Сужылу-2014»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
<p>Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №20/98, Таралымы:500 дана, пішімі: А3</p>	<p>Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.</p>